

## **Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 6 желтоқсан N 260-II

1. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Z947000\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат):

17-1-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат):

154-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Темір жол станциясындағы кеден органдары өз қызметін темір жол станциясымен келісілген жұмыс режимімен жүзеге асырады.";

195-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша ерекше сақтау жағдайларын қажет ететін (тез бүлінетін) тауарларға қатысты кедендік декларация тапсырудың мерзімі оларды Қазақстан Республикасының кеден органына табыс еткен күннен бастап үш күннен аспауға тиіс.";

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416, 920-құжаттар; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат):

11-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

34-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

4) "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Z980272\_ Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

4-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) магистральдық темір жол желісінің қызметі;"

5) 1999 жылғы 1 шілдедегі K990409\_ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат):

699-бапта:

тақырыптағы "Жүк жөнелтушінің" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жүк алушы ерекше сақталу жағдайларын қажет ететін (тез бүлінетін) жүкті алу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан жалтарған кезде, мұндай жүкті сақтау мүмкін болмаған және оның бүлінуіне әкеп соғуы ықтимал жағдайда жүк жөнелтушінің оған қалай иелік ету керектігі жөнінде нұсқауы болмаса, тасымалдаушының жүкті сатуға құқығы бар.

Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі соманы шегергеннен кейін нотариустың атына депозит шартымен салынады.";

6) "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы

Z990493\_

Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат):

26-баптың 9) тармақшасының екінші абзацы "немесе өрт қауіпсіздігі" деген сөздерден кейін "не көліктегі жүріс қауіпсіздігі" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК